



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 417
2024 жылғы 26 қараша
Астана қаласы

город Астана

«Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 5 шілдедегі №246 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 65-бабының 3-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің құрамын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 5 шілдедегі № 246 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Ғылыми-зерттеу, ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің құрамы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Цифрландыру департаменті осы бұйрықты оған қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



А. Саткалиев
060852

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2024 жылғы «26» 11
№ 417 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2024 жылғы 5 шілдедегі
№ 246 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ғылыми-зерттеу,
ғылыми-техникалық және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарының
жобаларын қарау жөніндегі ғылыми-техникалық кеңестің
құрамы
(бұдан әрі - ҒТК)**

ҒТК мүшелері

- Қазақстан Республикасының Энергетика министрі, төраға;
Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрі, төрағаның орынбасары;
Қазақстан Республикасының энергетика вице-министрі, төрағаның орынбасары;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Жер қойнауын пайдалану
департаментінің директоры;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Мұнай игеру және өндіру
департаменті директоры;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібі
департаментінің директоры;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Мұнай тасымалдау және
өңдеу департаментінің директоры;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Газ өнеркәсібі
Мұнай-газ-химиясы және техникалық реттеу департаментінің директоры;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Электр энергетикасын
дамыту департаментінің директоры;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Атом энергетикасы және
өнеркәсіп департаментінің директоры;
Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Жаңартылатын энергия
көздері департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Көмірсутектер және жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Цифрландыру департаментінің директоры;

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша);

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша);

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі бас директоры (келісім бойынша);

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» акционерлік қоғамының ұлттық электр желілерін дамыту жөніндегі басқарушы директоры (келісім бойынша);

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының өндіріс жөніндегі басқарушы директоры (келісім бойынша);

«ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директорының өндіріс жөніндегі бірінші орынбасары (келісім бойынша);

«С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы-ректор (келісім бойынша);

«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Геология және мұнай-газ институтының директоры (келісім бойынша);

«Қазақ-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының Энергетика және мұнай-газ индустриясы мектебінің деканы (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Ядролық физика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры (келісім бойынша);

Тәуелсіз сарапшылар

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Инновацияларды дамыту департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Жер қойнауын пайдалану департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Мемлекеттік экологиялық сараптама және рұқсаттар басқармасының басшысы (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің бас ғылыми қызметкері (келісім бойынша);

«Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің академигі, техникалық ғылымдар докторы, «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының профессоры (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Ядролық физика институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының зертханасының меңгерушісі (келісім бойынша);

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының Өндіріс департаментінің директоры (келісім бойынша);

«Қазақ-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының Жаратылыстану және әлеуметтік мектебінің деканы, қауымдастырылған профессор (келісім бойынша);

«Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның қауымдастырылған профессоры (келісім бойынша);

«Самғау» ғылыми-техникалық бастамалар орталығы» қорының бас директоры (келісім бойынша);

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының мұнай және мұнай-химия өңдеу бойынша орынбасары (келісім бойынша);

«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының Ғылыми-технологиялық жобалар департаментінің директоры (келісім бойынша);

«Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамының «Генерация және Отын» департаментінің бас менеджері (келісім бойынша);

«НИПИнефтегаз» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің төрағасы, «KAZENERGY» ассоциациясының Ғылыми техникалық кеңесінің және «Мұнай-газ кешені ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің мүшесі (келісім бойынша);

«Парламентаризм институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры (келісім бойынша);

«С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылым және инновациялар бойынша проректоры (келісім бойынша);

«Qazaq Green» жаңартылатын энергия көздері қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің Басқарма төрайымы (келісім бойынша);

«Қазақ-Британ техникалық университеті» акционерлік қоғамының ғылым және инновациялар бойынша проректоры (келісім бойынша);

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарушы директоры (келісім бойынша);

«Тау-кен өндіруші және тау-кен металлургия кәсіпорындарының республикалық қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директорының бірінші орынбасары (келісім бойынша);

«Мұнай-газ-химия өнімдерін өндірушілер мен тұтынушылар» қауымдастығы заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы, х.ғ.д., профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының құрметті академигі, Ұлттық ғылым академиясының академигі (келісім бойынша);

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің бас директоры (келісім бойынша);

«PetroMining» қауымдастығының атқарушы директоры (келісім бойынша);

«Іс-қимылдың Батылдығы мен Бірлігі» қоғамдық қорының директоры (келісім бойынша);

«Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (келісім бойынша);

«ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрастырмалық жұмыстар жобаларының жетекшісі (келісім бойынша);

«Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы (келісім бойынша);

«Инновациялық технологиялар паркі» қорының бас директоры (келісім бойынша);

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының ғылыми-техникалық даму қызметінің басшысы (келісім бойынша);

«Уфа мұнай техникалық университеті» федералды мемлекеттік бюджеттік жоғары білім беру мекемесінің Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау кафедрасының доценті (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі отын-энергетика кешені мәселелері бойынша қоғамдық кеңесінің мүшесі (келісім бойынша);

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі отын-энергетика кешені мәселелері бойынша қоғамдық кеңесінің мүшесі (келісім бойынша);

Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» акционерлік қоғамының цифрландыру департаментінің директоры (келісім бойынша).